

**«Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі және
«Шығыс Қазақстан облысының авиациялық бөлімшесі» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорны арасындағы кадрлық саясатта
меритократия қағидаттарын бекіту жөніндегі
шекті келісім**

«Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппараты» ММ және «Шығыс Қазақстан облысының авиациялық бөлімшесі» КМҚК бұдан әрі Тараптар деп аталып, меритократия қағидаттарын ұстана отырып,

мемлекеттік кәсіпорындардың кадрлық әлеуетін сақтау және дамыту үшін жағдай жасау қажеттілігіне сенім білдіре отырып,

мемлекеттік кәсіпорындар қызметінде сыбайлас жемқорлық пен непотизмге жол бермеуге талпына отырып,

төмендегілер туралы келісті:

бос лауазым болған жағдайда мемлекеттік кәсіпорын интернет-ресурстарында, соның ішінде рекрутингтік порталдарда құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталудан кемінде екі апта бұрын конкурс өткізілетіні туралы хабарландару орналастырады;

Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді:

- 1) бос лауазымының атауын;
- 2) мемлекеттік кәсіпорынның орналасқан жерін, пошталық мекенжайын, телефонын көрсете отырып оның атауын;
- 3) құжаттарды қабылдау аяқталатын күні мен уақытын;
- 4) сәйкес саланың үлгілік біліктілік мінездемесінің негізінде анықталатын конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптарды;
- 5) конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесін қамтиды.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам мемлекеттік кәсіпорын басшысының атына (еркін нысанда) өтініш өткізеді. Өтінішке конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген құжаттар қоса беріледі.

Мемлекеттік кәсіпорынның қызмет етіп жүрген қызметкерлеріне де конкурсқа қатысуға рұқсат етіледі.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, кәсіби деңгейіне, сонымен қатар еңбек өтілі мен біліктілігіне қатысты қосымша ақпараттарды тапсыруға құқылы.

Конкурс келесі кезеңдерден тұрады:

- 1) үміткерлердің мемлекеттік кәсіпорын бос лауазымдарына орналасуға өткізген өтініштерін қарастыру;
- 2) кандидаттармен әңгімелесулер өткізу (соның ішінде көп кезеңді эссе жазу, кейстерді шешу және т.б.);
- 3) конкурстың қорытындысын шығару.

Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар өздеріне қатысы бар бөлігінде конкурстық құжаттармен таныса алады, және де Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте конкурс шешіміне шағымдануға құқылы.

Қызметкерлерді материалдық көтермелеу меритократия қағидаттарына сәйкес жүргізіледі.

Осы шекті келісім Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және орындауға міндетті.

Осы келісімді жүзеге асыру үшін «Шығыс Қазақстан облысының авиациялық бөлімшесі» КМҚК қол қойылған күннен бастап бір ай мерзімінде тиісті ішкі актілер қабылдайды.

Шекті келісімнің орындалуын бақылау «Шығыс Қазақстан облысының авиациялық бөлімшесі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры Виктор Николаевич Губаревқа жүктеледі.

**Шығыс Қазақстан облысы
әкімінің аппараты басшысы**


_____ **Р. Омаров**

**«Шығыс Қазақстан облысының
авиациялық бөлімшесі»
коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорнының директоры**


_____ **В. Губарев**